



«Арқалық қаласының орталықтандырылған  
кітапхана жүйесі» ММ



## КҮРЕС – ҒҰМЫР

**1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі,  
халық батыры Амангелді Имановтың туғанына  
150 жыл толуына арналады**

«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ

## **КҮРЕС – ҒҰМЫР**

(1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі, халық батыры Амангелді  
Имановтың туғанына 150 жыл толуына арналады)

Библиографиялық едебиет көрсеткіші

ББК 91.9:63

И 48

**Құрастырушысы:** А. Қ. Италмасов

**Мұқабаны безендірген:** А. Қ. Италмасов

**Редакторы:** Д. Е. Құсайын

Күрес-тұмыр [Мәтін] : (1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі, халық батыры Амангелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына арналады) : библиографиялық әдебиет көрсеткіші / Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі, Әдістеме-библиография бөлімі : [құраст. А. Қ. Италмасов ; ред. Құсайын Д. Е.] - Арқалық : [ж. б.], 2023. - 28 б. – қазақ тілінде

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі, халық батыры Амангелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына арналған библиографиялық әдебиет көрсеткішін ұсынып отыр.

© Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,  
әдістеме –библиография бөлімі

## Құрастырушыдан

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі, халық батыры Амангелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына арналған библиографиялық әдебиет көрсеткішін дайындады.

Қазақ халқының ардақты ұлы, бостандық жолындағы ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Амангелді Имановтың өмірі мен қызметі қазақ халқының еңбекші бұқарасының тағдырымен тығыз байланысты болды. Амангелді Иманов қазақ қоғамындағы аталық басқарудың және феодалдық қатынастың барлық қиыншылығы мен қасіретін, ауыртпалығы мен тауқыметін, күн өткен сайын күшейіп келе жатқан патша үкіметінің ұлттық және отаршылдық езгісін көрген ұрпақтың өкілі.

Бұл көрсеткішке кітаптар, кітаптардан, газеттер мен журналдардан алынған мақалалар енгізілген және 1970 жылдан басталатын материалдарды қамтиды. Жалпылай нөмірленген көрсеткішке 77 библиографиялық жазба енгізілген. Библиографиялық көрсеткіштегі кітаптар мен мерзімді басылымнан алынған мақалалар әліпбилік ретпен орналастырылған.

Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде берілген. Материалды іріктеу 2023 жылдың сәуірінде аяқталды. Көрсеткіш АрқОКЖ кітап қорының негізінде құрастырылды.

Көрсеткіш кітапхананың [www.okzh-arkalyk.kz](http://www.okzh-arkalyk.kz) сайтында орналастырылған.

## АМАНГЕЛДІ БАТЫР

(дастаннан үзінді)

Жасынан батыр болды Амангелді, Ерлігін Амангелді көзім көрді.

Өзім де сол батырдың жыршысы едім, Жырлайтын сол ерімді кезім келді.

Құтқарып Сарыарқаны зар, азаптан, Елімнің дұшпанынан кек әперді, Өйгілі Қобыландының әруағымен Еске алам кешегі өткен кемеңгерді.

\* \* \* \*

Мың сегіз жүз жетпіс төрт болды жылы, Қыс өтіп май айында жазғытұры.

Батырға жүкті болған Қалампырдың Тоғыз ай тамам болды тоғыз күні.

Өйелдің кәдесімен толғатқан соң, Батыққа бірге отырған хабар қылды Төлеген, Бисембімен және Бисен — Қалмастан тегіс келді көршілері.

Босанып аман-есен Қалампыр жас, Болашақ батыр сонда дүние көрді. Баланы шомылдыра қолына алса, Қып-қызыл оттай жанған екі көзі. Бір нәрсе кәтеретін адамдай-ақ Созылған екі жаққа екі қолы.

\* \* \* \*

Бір сүйем ұрындығы тіке шыққан, Тұсында нақ жүректің жалғыз қылы Желкеден жауырыңға тіке түскен Құлындай жана туған жалдың түрі, Төлеген қасындағы айтты көпке:

«Адамның жан пар келмес бұл дүлдүлі, Қасқып қалың етті жарып шыққан, Жүректің нақ үстінен шыққан түгі.

\* \* \* \*

Жаулардан қастық қылған аман сақта, Қарағым қасында бол күндіз-түні...» Баланың Амангелді атын қойды.

Той қылып өздерінше барын сойды, Тарқасты бата беріп жиналған көп.

«Ғұмырлы болсын балаң абыройлы», Батырдың туғаннан түрі бөлек, Шүйделі бас форымы дөп-дөңгелек, Сүйріктей судан шыққан екі қолы, Буынның саусағында белгісі жоқ, Тұтасқан екі қастың аралығы, Бесіктей бұлшық еті, жұмыр білек.

Омар Шитин

## Халық батыры



Амангелді Үдербайұлы Иманов (03.04.1873-18.05.1919) - қазақ халқының батыры. Қазақстанда 1916 жылы өріс алған ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Торғайуезі Қайдауыт болысының 3-ауылында кедей шаруа отбасында туған. 1918 жылдан Компартия мүшесі. Жеті жасында әкесі, одан бес жыл кейін шешесі қайтыс болып, жастайынан жетім қалды. Ол байларға жалшы болды, еңбекші халықтың тартқан қайғы-қасіретін, ауыр тұрмысын көрді. Оның патша үкіметіне, байлар мен билердің езгісіне деген өшпенділігі осы кезден-ақ қалыптаса бастады. Байқоңыр көмір кенінде темір ұстасы болған жылдары орыс жұмысшыларымен араласып, таптық сана-сезімі оянды. 1905-1907 жылдары орыстың I - революциясының азаттық идеясы ықпалымен шаруалардың байларға қарсы қарулы күресіне қатысты. Социал-демократтардың жергілікті жердегі большевиктер тобымен тығыз байланыс жасап, шаруалар бұқарасының ұлт-азаттық күресін басқарушы ретінде бүкіл Торғай даласына атағы жайылды. 1896-1908 жылдары патша әкіметі оны сенімсіз адам деп тауып, бірнеше рет түрмеге отырғызды.

Амангелдінің есімі қазақ халқының тарихындағы аса бір данқты кезең — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты. Империализм қайшылықтарының шегіне жете шнеленісуінің нағыз айғағы болған бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып, халықтың бостандығын көздейді. Бұқара халықтың бұл қозғалысы қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі патша үкіметінің 1916 жылғы 25 июньдегі жарлығынан кейін өрістей түсті. Амангелді Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Перовск т. б. қалаларға өз өкілдерін жіберіп, жұмысшы-шаруаларды патша өкіметіне қарсы күреске шақырды. Төзгісіз қанауға ұшырап, жерінен айрылған қазақ кедейлері Амангелдінің отрядына лек-легімен келіп қосылып жатты. 1916 жылдың қазан айында тек Торғай мен Ырғыз уездерінде ғана 20 шақты отряд құрылды. Амангелді отрядтарға қатаң тәртіп енгізді. Көтерілісшілерді қару-жаракты қолдана білуге және соғыс әнерін менгеруге үйретті. Амангелдінің көтерілісшілер отряды патша өкіметінің жергілікті органдарына қарсы бірнеше ұрыс жүргізіп, 1916 жылы қазанда Торғай қаласын қоршауға алды. Осы операцияда Амангелдінің ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты айқын көрінді. Оның қол астындағы 50 мың сарбазы ерліктің, табандылықтың тамаша үлгісін көрсетті. Патша үкіметі Амангелдінің шабуылын тойтару үшін жазалаушы корпус жіберуге мәжбүр болды. Тек жаудың негізгі күштері келіп жеткеннен кейін ғана, 27 күннен соң Амангелді 33 сарбаздарын қаладан алып кетті. 1917 жылы қаңтарда ол қаланы басып алуға қайта әрекет жасады, бірақ күш тең болмағандықтан ел ішіне кетті. Бұл кездерде Амангелді большевиктермен, оның ішінде Ө. Жангелдинмен байланысты күшейтіп, большевиктер партиясының озық идеясымен қарулана түсті. Уақытша үкіметті қолдаған алашордашыларға

қарсы күрес жүргізді, бұқара халыққа пролетарлық революцияның маңызын түсіндірді.

Қазан революциясының алғашқы күндерінен-ақ Амангелді бұрынғы көтерілісшілерден қызыл партизандар отрядын құрып, Совет өкіметін қорғау және нығайту күресіне белсене араласты. Торғай уезінің соғыс комиссары болып тағайындалды. 1918 жылы наурызда Амангелді Кеңестердің облыстық съезіне (Орынбор) қатысты. 1918 жылы шілдеде Кеңес қызметкерлерінің бір тобын басқарып, Торғай уезінде ауылдық және облыстық Кеңестердің сайлауын өткізді. Азамат соғысы жылдарында Ә. Жангелдинмен бірге Қазақстанда тұңғыш ұлттық Қызыл Армия бөлімдерін ұйымдастырды. Колчак әскерінің тылындағы партизандарға көмектесті. 1918 жылы қарашада Амангелді және Ә. Жангелдин басқарған отряд ақ гвардияшылардан Торғай қаласын азат етті. Алаш қозғалысының басшылары Торғайда тәңкеріс жасап, кеңес өкіметін құлатты да, Амангелдіні тұтқынға алды. Батыр халық бостандығы мен ел тәуелсіздігі үшін ертүрлі жолдармен күрес жүргізген қазақтың озық ойлы, көкірегін намыс кернеген азаматтарын бір-біріне қарсы қойған кезеңдегі қиямшұрыс саясаттың құрбаны болды.

Торғай өзенінің жағасынан табылған батыр сүйегі Жыланшықтағы бегімбеттің Алакөліндегі қорымға жеткізіліп жерленді. 1953 ж. батырдың сүйегі Қазақстан үкіметінің шешімімен Амангелді кентінің орталық алаңындағы қазіргі Амангелді ескерткіші орнатылған жерге қайта көшірілді.

Амангелдінің туған ауданы және республиканың көптеген колхоз, совхоздары батырдың есімімен аталады. Алматы қаласында және бірсыпыра аудан, облыс орталықтарында батырдың ескерткіш мүсіні орнатылған. Ж. Жабаев, Амангелдінің бұрынғы сарбазы, халық ақыны О. Шипин және т. б. ақындар батырға арнап өлең, поэмалар жазды. Жазушы Ғ. Мүсірепов, Амангелді пьесасында халық батырының көркем бейнесін жасады. Халық суретшілері Ә. Қастеев («Амангелді» портреті, «Амангелді шабуылы», «Торғай жорығы») пен Қ. Телжанов («Амангелді», «Амангелді қызыл атты әскері») Амангелді образын тартымды бейнеледі.



«Амангелді сарбаздары». Ә. Қастеев

## Ол туралы әдебиеттер:

1. Алаш қозғалысы [Мәтін] : құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. - мамыр 1920 ж. = Движение Алаш: сб. док. и материалов. Декабрь 1917 г. - май 1920 г. - Алматы : Алашбаспасы, 2005. - Т. 2. - 496 с. - (Алашмұрасы).
2. Алтаев, Б. Амангелді Иманов музейі [Мәтін] / Б. Алтаев // Қазақ ССР : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. М. Қ. Қозыбаев. - Алматы, 1984. - Т. 3. - Б. 75.
3. Амангелді - Өлібі туралы әңгімелер [Мәтін] // Абдуллин Ә. Тарихи Торғай. - Астана, 2014. - Б. 27-70.
4. Амангелді Иманов (1873-1979) [Мәтін] : [халық батыры] // Тарихи тұлғалар / құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. - Алматы, 2005. - Б. 347-348.
5. Ахметбеков, Н. Амангелді дастаны [Мәтін] / Н. Ахметбеков ; ред. Қ. Аманжолов. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951. - 140 б.
6. "Батыр большевик Амангелді" хақындығы ақиқат [Мәтін] : үш томдық // Шоқай Мұстафа. Таңдамалы шығармалар / - Алматы, 1999. - Т. 2. - Б. 205-209.



7. Батырдың биік тұлғасы = Светлый образ батыра [Мәтін] : [материалдар, фотодокументтер мен мақалалар жинағы] / [құраст. : Ш. Иманов, Х. Маданов]. - Алматы : Қазақстан, 1986. - 144 б.

8. Жана дәуірдің жүрегі соқты [Мәтін] // Мүсірепов, Ғабит. Уақыт іздері : очерктер мен публицистика / Ғабит Мүсірепов. - Алматы, 1977. - Б. 7-98.
9. Кедей кегі [Мәтін] : [А. Имановқа арналған дастан] // Шипин, О. Дастандар / құраст. : С. Әсіпов, Ә. Бекбаев. - Алматы, 1989. - Б. 207-214.
10. Қайнар көзіне қайта оралсақ [Мәтін] // Тарих парақтары : Қостанай облысы 80 = Костанайская область 80 / [ред. алқа: мәтін авт. А. Ермолович [және т. б.] ; қазақ тіліне ауд. : Ғ. Ахметчин [және т. б.] ; суретті түсіргендер. А. Ермолович [т. б.]. - Қостанай, 1916. - Б. 10-20.
11. Қаһарлы 1916 жыл [Мәтін] = Грозный 1916 год құжаттар мен материалдар жинағы = сб. док. и материалов. Т. 2 / ред. А. Бермаханов. - Алматы : Қазақстан, 1998. - 247 б.
12. Мұхамеджанов, З. Торғай комиссарлары [Мәтін] : тарихи документтер мен сарбаздардың әңгімелері бойынша жазылған очерк / З. Мұхамеджанов. - Алматы : Қазақстан, 1974. - 128 б.
13. Нұрқанов, А. Дала қыраны [Мәтін] : деректі повесть / А. Нұрқанов. - Алматы : Жалын, 1980. - 144 б.
14. Нұрқанов, А. Халық батыры [Мәтін] / А. Нұрқанов. - Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1962. - 178 б.



15. Рсаев, Т. Амангелді мұражайы [Мәтін] : [ғылыми-ағарту мекеме] / Т. Рсаев // Қазақстан : ұлттық энцикл. : он томдық / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998. - Т. 1. А - Ә. - Б. 335.

16. Рсаев, Т. Амангелді Үдербайұлы Иманов [Мәтін] : [1916 жылғы ұлт-азаттық кәтерілісін ұйымдастырушылардың бірі (03.04.1873, бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысы - 18.05.1919, Торғай к.)] / Т. Рсаев // Қазақстан ұлттық энцикл. : он томдық / бас ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы, 1998. - Т. 1. А - Ә. - Б. 333-334.

17. Рсаев, Т. Амангелді Үдербайұлы Иманов [Мәтін] / Т. Рсаев // Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. - Алматы, 2013. - Б. 39-45.

18. Рсаев, Т. Амангелді Үдербайұлы Иманов [Мәтін] : [халық батыры] / Т. Рсаев, Ғ. Нұрбағи // Қаныш Сәтбаев : энциклопедия / [бас ред. Б. Ә. Жакып]. - Алматы, 2011. - Б. 88-89.

19. Рсаев, Т. Құмкешу соғысы [Мәтін] : [Ресей әкіметінің жазалаушы жасағы мен Торғай кәтерілісшілерінің қарулы қақтығысы] / Т. Рсаев // Қазақстан : ұлттық энцикл. : он томдық / бас ред. Б. Ғ. Аяған. - Алматы, 2004. - Т. 6. Қ - Н. - Б. 117.

20. Шайкен, Ж. Қызыл үй [Мәтін] : [халық батыры А. Имановқа - ескерткіш] / Ж. Шайкен // Қазақстан : ұлттық энцикл. : он томдық / бас ред. Б. Ғ. Аяған. - Алматы, 2004. - Т. 6. Қ - Н. - Б. 180.

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

1. Абыройың арта берсін, туған ел! [Мәтін] : немесе амангелділіктердің ауданымыздың туған күнгі тілегі! / өз тілшіміз // Аманкелді арайы. - 2012. - 13 қаңтар. - Б. 1.
2. Айқадамова, А. Амангелдінің домбырасы мұражай қорында [Мәтін] / А. Айқадамова ; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таны. - 2016. - 16 тамыз. - Б. 4.
3. Айқадамова, А. "Батырдың асыл мұрасы" [Мәтін] : [обл. кітапханада батыр А. Имановтың 140 ж. орай кеш ұйымдастырылды] / А. Айқадамова ; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таны. - 2013. - 1 наурыз. - Б. 3.
4. Айтбаева, Гүлмира. Батырдың асыл мұрасы [Мәтін] : А. Имановтың туғанына 135 жыл / Гүлмира Айтбаева // Қостанай таны. - 2008. - 11 маусым. - Б. 8.
5. Алмат, Оркен. Тарихымызды бұрмаламайық [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісі туралы] / Оркен Алмат // Арқалық хабары. - 2016. - 5 тамыз. - Б. 3.
6. Алтай, Ерлан. Амангелдінің домбырасы [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Имановтың] / Ерлан Алтай // Егемен Қазақстан. - 2017. - 24 тамыз. - Б. 12.



«Амангельды Иманов» А. Кастеев

7. Амангелді Иманов [Мәтін] / [журн. ред.] // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - 2016. - № 10. - Б. 23.



8. Аманкелдінің ерлігі туралы есімде қалғаны... [Мәтін] : кезінде аудан басшыларының бірі болған ел ағасы Досымбек Ешановтың Амангелді батыр туралы жазылған мақаласы жайлы / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. - 2016. - 26 тамыз. - Б. 5.

9. Ахметов, Сабыржан. Жанарған жер, жасампаз [Мәтін] : [Аманкелді ауданының 80 жылдық тойы] / Сабыржан Ахметов // Аманкелді арайы. - 2008. - 18-26 қыркүйек. - Б. 2-3.

10. Әбдікова, Кәмшат. Жылдық мерекенмен, туған ел ; Батпаққара - байтақ далам ; Аманкелді Имановтың туғанына 135 жыл ; 80 жылдық тарихы бар ауданым ; Киелі батпаққара - зұт мекенім [Мәтін] : [әлдендер] / Кәмшат Әбдікова // Аманкелді арайы. - 2008. - 5 қыркүйек. - Б. 3.

11. Әбдірайымұлы, Әбдіқалдыр. Қаһарлы 1916 жыл [Мәтін] : ұлт-азаттық кәтерілісіне - 100 жыл / Әбдіқалдыр Әбдірайымұлы // Қостанай таны. - 2016. - 15 наурыз. - Б. 8.

12. Әбжанов, Азамат. Амангелді қазасын естірту [Мәтін] : немесе Әбжан Құндызбайұлы / Азамат Әбжанов // Қостанай таны. - 2016. - 28 қазан. - Б. 11.

13. Әкем қайтқан жастан әлдеқайда үлкенмін... [Мәтін] : [халық батыры А. Имановтың немересі, жазушы Рамазан Амангелдиевтің ұлы Батырлан Амангелдиевпен сұхбат] / әңгімелескен Назым Дүтбаева // Қазақ әдебиеті. - 2011. - 11-17 қараша. - Б. 1, 7.

14. Әлім, Қайсар. Аманкелді романының ақиқаты [Мәтін] / Қайсар Әлім // Түркістан. - 2015. - 9 шілде. - Б. 19.

15. Әлім, Қайсар. Бізге беймәлім "Амангелді" романы [Мәтін] : ол жарыққа шықпай қалса да классиктерден жақсы баға алған еді / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. - 2012. - 25 қаңтар. - Б. 8.

16. Әлмағамбетов, Бегенбай. Аманкелді батырға кесене салсақ... [Мәтін] / Бегенбай Әлмағамбетов // Қостанай таны. - 2007. - 2 қазан. - Б. 8.
17. Әмірхамзаұлы, Қорған. Батыр-баукеспе, күрескер-қаракшы [Мәтін] : кейбір тарихты бұрмалаушылар осындай теріс түсініктің жетегінде жүр // Қорған Әмірхамзаұлы // Жас Алаш - 2010. - 10 тамыз. - Б. 3.
18. Әнесұлы, Жұмат. Амангелдінің ажалы [Мәтін] / Жұмат Әнесұлы // Ақиқат. - 2016. - № 12. - Б. 31-34.
19. Бабасова, Баян. Ұрпағын саған тіл қатты [Мәтін] : (Аманкелді бабамның рухына) / Баян Бабасова // Аманкелді арайы. - 2008. - 5 қыркүйек. - Б. 3.
20. Байділдин, Шәптібай. Азаттық үшін алысқан Алаш партиясы [Мәтін] / Шәптібай Байділдин // Торғай. - 2017. - 13 қаңтар. - Б. 4.
21. Байділдин, Шәптібай. Аманкелді батыр бата алған киелі мешіт [Мәтін] / Шәптібай Байділдин // Арқалық хабары. - 2016. - 9 қыркүйек. - Б. 4.
22. Байділдин, Шәптібай. Амангелді көтерген ту жайында аңыз бен ақиқат [Мәтін] : [Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай] / Шәптібай Байділдин // Арқалық хабары. - 2016. - 29 шілде. - Б. 3.
23. Байділдин, Шәптібай. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісінде Амангелді батыр көтерген ту жайлы ақиқат пен аңыз [Мәтін] / Шәптібай Байділдин // Қазақ. - 2013. - 16-30 тамыз. - Б. 6.
24. Байжанов, Ахметхан. Революция сарбаздары [Мәтін] : [Амангелді Иманов және Майкотов Әділбек] / Ахметхан Байжанов // Коммунизм таны. - 1970. - 17 ақпан. - Б. 2-3.
25. Бейсұлы, Ж. Амангелді батырдың зайыбы [Мәтін] : [Оның кейінгі тағдыры қалай болды?] / Ж. Бейсұлы // Егемен Қазақстан. - 2004. - 17 қаңтар. - Б. 6.
26. Бейсенов, Е. Өр Торғай - ерлік мекені [Мәтін] : Амангелді ауданында 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы атап өтілді / Е. Бейсенов ; суреттерді түсірген Сералы Мырзабай // Ана тілі. - 2016. - 6-12 қазан. - Б. 9.
27. Боранқұлов, Сейтқасым. Батпаққара көтерілісі [Мәтін] / Сейтқасым Боранқұлов // Ақиқат. - 2007. - № 6. - Б. 40-43.
28. Ғазизұлы, Мешіт. Он алтыншы жыл [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл] / Мешіт Ғазизұлы // Қарасу әңірі. - 2016. - 21 қыркүйек. - Б. 5.
29. Есали, А. Амангелді батырдың баласы [Мәтін] : [Имановтың ұрпақтары] / А. Есали; суретті түсірген Болат Омаралиев // Егемен Қазақстан. - 2017. - 11 қыркүйек. - Б. 12.
30. Жақиярұлы, А. "Аманкелді батыр баба" қорына қолдау қажет [Мәтін] / А. Жақиярұлы // Қостанай таны. - 2009. - 9 қаңтар. - Б. 7.
31. Жәрімбетова, Нәзира. Амангелді батырмен қауышты [Мәтін] : [Аманкелді Имановтың 135 жылдығына орай кәрме ұйымдастырылды] / Нәзира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. - 2008. - 3 шілде. - Б. 8.
32. Жиентаев, С. Бабалар есімі ұрпақ жадында [Мәтін] : А. Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің әлеуметтік-экономикалық алғышарттары және Қарабалық болысындағы батырдың үзенгілес серіктері туралы / С. Жиентаев // Қостанай таны. - 2017. - 31 наурыз. - Б. 6.

33. Иманов, Б. Б. Аманкелді батыр [Мәтін] : (романнан үзінді) / Б. Б. Иманов // Аманкелді арайы. - 2016. - 26 маусым. - Б. 5.
34. Кәкімжанова, Аягәз. Батыр есімі халық жадында [Мәтін] : немесе Аманкелді Иманов кәшесі қала кәркіне айналып келеді / Аягәз Кәкімжанова; суретті түсірген Юлия Калининна // Наш Қостанай. - ("Біздің Қостанай" қосымшасы). - 2013. - 2 сәуір. - Б. 6.
35. Қарымсақов, Арнұр. Ә. Қастеев шығармашылығындағы Аманкелді бейнесі [Мәтін] / Арнұр Қарымсақов // Жұлдыз. - 2012. - № 1. - Б. 205-208.
36. Қойшыманов, Қ. Тарих Тағылым Тағзым [Мәтін] : Аманкелдіде халық қозғалысына арналған той әтті / Қ. Қойшыманов; суретті түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таны. - 2016. - 20 қыркүйек. - Б. 1, 12.
37. Қуандықұлы, Қ. Батырдың анасы, жары Үрпекте жерленген [Мәтін] : [Халық батыры Аманкелді батыр туралы деректер] / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. - 2013. - 5 сәуір. - Б. 2.
38. Қуандықұлы, Қ. Сардардың туы қызыл емес, шұбар болған... [Мәтін] : 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске - 100 жыл / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. - 2016. - 7 шілде. - Б. 8.
39. Құрманбай, Ш. Қасым Қайсенов Аманкелді батырмен қалай кездесті? [Мәтін] / Ш. Құрманбай // Айқын. - 2007. - 5 сәуір. - Б. 7.
40. Мақсат, Тәж-Мұрат Үзілген үзенгі [Мәтін] : Аманкелді Иманов әлімінің шындығы / Тәж-Мұрат Мақсат // Астана. - 2012. - № 1. - Б. 88-113.
41. Мұсабаев, Х. Дүбірлі той, ортақ ой [Мәтін] : [Аманкелді Имановтың туғанына 130 жыл және Аманкелді ауданына 75 жыл] / Х. Мұсабаев // Қостанай таны. - 2003. - 8 қазан. - Б. 2.
42. Мұсабаев, Хамитбек. Аманкелді туралы роман [Мәтін] : [халық батыры А. Имановтың жақын туысы Бақыт Бәйегізұлы Имановтың "Аманкелді" атты романы жеке кітап болып шықты] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таны. - 2011. - 20 шілде. - Б. 2.
43. Мұсабаев, Хамитбек. Жаңа қордың тұсаукесері [Мәтін] : [аудан әкімінің орынбасары С. У. Хайрулиннің жетекшілік етуімен мәдениет үйінде Аманкелді батыр баба қорының тұсаукесері әтті] / Хамитбек Мұсабаев // Аманкелді арайы. - 2007. - 16 қараша. - Б. 2.
44. Мұсабаев, Хамитбек. Сардардың туы қызыл емес, шұбар болған... [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл] / Х. Мұсабаев // Қостанай таны. - 2016. - 20 шілде. - Б. 10.
45. Мұсабаев, Хамитбек. Терісбұтаққа тұңғыш сапар [Мәтін] : немесе ол-батырдың бастау бұлағы, асыл тұрағы, ерлік шырағы / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. - 2013. - 5 сәуір. - Б. 1-2.

46. Мұсабаева, Зарина. Тұғыры биік тұлға [Мәтін] : [Аманкелді Үдербайұлы Имановтың туғанына - 140 жыл] / Зарина Мұсабаева // Қостанай-АГРО. - 2013. - 14 марта. - Б. 11.



47. Нұржанов, Хамза. Азаттық көтерілісі туралы естелік [Мәтін] : 1916 жылғы Торғай азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында / Хамза Нұржанов // Аманкелді арайы. - 2016. - 22 шілде. - Б. 6.

48. Нұржанов, Хамза. Кәзкәрген [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісіне - 100 жыл] / Хамза Нұржанов // Қостанай таны. - 2016. - 22 шілде. - Б. 22.

49. Нұржанов, Хамза. Торғайдың толқу кезінен естелік [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай] / Хамза Нұржанов // Арқалық хабары. - 2016. - 15 шілде. - Б. 4.

50. Нұрпейіс, К. Даладағы дабыл [Мәтін] : [1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басталғанына - 90 жыл] / К. Нұрпейіс // Егемен Қазақстан. - 2006. - 16 маусым. - Б. 5.

51. Өскенбаева, Г. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және қазақ зиялылары [Мәтін] / Г. Өскенбаева // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. - 2016. - №9. - Б. 30-35.

52. Сатыбалдина, М. Ер есім - ел есінде [Мәтін] / М. Сатыбалдина, М. Дәнекорова // Мектептегі мерекелер. - 2014. - №5. - Б. 14-16.

53. Сәрсембина, Баян. Алаш отряды Аманкелдінің жұмбақ әлімі [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы тарихи деректер] / Баян Сәрсембина // Жас Алаш. - 2016. - 26 шілде. - Б. 8, 9.

54. Сейдахмет, Қабылахат. Азаттық үшін айқас [Мәтін] : 1916 жылғы Торғай көтерілісі туралы баян / Қабылахат Сейдахмет // Қостанай таны. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). - 2013. - 8 қараша. - Б. 8.

55. Сығай, Сырым Батыр ағамыздың ұрпақтары [Мәтін] : 1916 жылы Торғай азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында / Сырым Сығай // Аманкелді арайы - 2016. - 12 тамыз. - Б. 3.

56. Тәж-Мұрат, Мақсат. Ұзын үзенгі [Мәтін] : Аманкелді Иманов еліміздің шындығы : [халық батыры туралы зерттеулер] / Мақсат Тәж-Мұрат // Қазақ. - 2015. - 21-28 тамыз. - Б. 5, 6.

57. Шәкібаев, С. "Қанды қара" [Мәтін] : немесе халық қарғысына ұшыраған кім? / С. Шәкібаев // Коммунизм таңы. - 1970. - 18 мамыр. - Б. 4.



*А. Иманов ескерткіші. Қостанай*





1947 жылы Алматы қаласында батырға арналған темір ескерткіш қойылды. Алматы




Қостанай облысы Амангелді ауданына батыр есімі берілді. Онымен қоса ауданның негізгі көшесі Амангелді Имановтың есімімен аталады және оған ескерткіш орнатылған. Амангелді ауданы



АМАҢГЕЛДІ ИМАНОВ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР



Батыр туралы жарияланымдар мен фотосуреттер



Батыр күнделігінен



# Тыныбай тоспасындағы айқас

Тыныбай тоспасындағы айқас - бұл қазақтар мен еуропалықтар арасындағы ұзақ уақыт бойы жалғасқан күрестің бірі. Ол 18-19 ғасырлар аралығында Орталық Азиядағы билік үшін болған. Қырым-қазақ соғысының соңында қазақтар Ресей империясына бағындырылды, бірақ Тыныбай тоспасындағы айқас бұл қауымның еуропалықтарға қарсы күресуінің бір нүктесі болды.

Тыныбай тоспасы - бұл Ресей империясы мен Осман империясы арасындағы билік үшін болған күрестің бірі. Ол 18-19 ғасырлар аралығында Орталық Азиядағы билік үшін болды.

# ҚАН ҚҰНЫ



ҚАН ҚҰНЫ - бұл қазақтар мен еуропалықтар арасындағы ұзақ уақыт бойы жалғасқан күрестің бірі. Ол 18-19 ғасырлар аралығында Орталық Азиядағы билік үшін болды.

Тыныбай тоспасы - бұл Ресей империясы мен Осман империясы арасындағы билік үшін болған күрестің бірі. Ол 18-19 ғасырлар аралығында Орталық Азиядағы билік үшін болды.

# Егіз туған секілді

## ТОЛҒАУ

Бұл өлең екі туған баланың арасындағы ынтымақ пен сүйіспеншілікті суреттейді. Екі баланың бір-біріне қарсы болмай, өзара сүйісіп өсетінін білдіреді.

Ақ сағанды бауларым,  
Қызыл қызыл бауларым,  
Екі туған баланың  
Арасындағы ынтымақ  
Бір-біріне сүйіспеншілік  
Бұл өлең екі туған баланың  
Арасындағы ынтымақ пен сүйіспеншілікті суреттейді.



Аманкелді Имановтың ұлы Рамазан.



Аманкелді Имановтың ұлы Шеріп.



Аманкелді Имановтың қызы Мәкен.



Сейітқасым Көшімбеков, Аманкелдінің қарулас серігі.



Торгай облыстық Советі І-съезі делегатының билеті.



Аманкелді Имановтың күнделігінің бір беті.



«Комсомол» колхозының председатели, Аманкелді отрядының мұнibasысы Ыбырай Атамбековке Н. В. Сталиннен келген телеграмма.



Торгайдағы 1919 жылы А. Иманов тұрған және әскери комиссариат үйі.



А. Иманов оқыған медресе.



Халық батыры Амангелді Иманов атындағы мұражай 1969 жылы ашылды.



Амангелді ауданында орнатылған батырлар меморналы:  
Жәуке батыр, Үдербайұлы Иман, сары Қошқар батыр





**Амангелді ауданына қарасты Үрпек ауылы маңында  
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісшілерінің ұстаханасы орналасқан**



**Амангелді Үдербайұлы Имановтың Алматы қаласындағы  
ескерткіші**



**Амангелді ауданынан 13 шақырым қашықтықтағы  
Үрпек ауылында 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің  
штабквартирасы орналасқан**



**Торғай өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы  
халық батыры Амангелді Үдербайұлы Имановқа ескерткіш  
Амангелді ауданы орталығында жастар демалыс алаңында орналасқан**



«Аманкелді» көркем фильмінен үзінді  
Ғ. Мүсірепов, В. Иванов, Б. Майлин бірлесіп «Аманкелді» фильмінің киносценарийін жазды. Қазақ кинематографистері «Ленфильм» киностудиясымен бірігіп «Аманкелді» фильмін 1937 жылы көрсетілімге шығарды. Аманкелді ролінде Қазақ ССР-нің халық артисі Елубай Өмірзақов.

## Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы

Аманкелді 1873 жылы 3 апрельде Торғай уезі Қайдауыл болысының № 3 ауылында туы.

1881 – 1884 жылдары Аманкелді ауыл молдасынан оқып, сауат ашты.

1887 жылдан бастап аманкелді байларға батырақ болып жалданды.

1908 жылы қазақтардың үкімет карауыл командасы солдаттарымен қарулы соқтығысын басқарып, Аманкелді бұл үшін түрмеге камалды.

1909 жылы Атбасарда Аманкелді Әділбек Майкөтовпен танысты.

1912 жылы Атбасарда Аманкелді Әділбек Майкөтовпен екінші рет кездесті.

1912 жылдың соңы мен 2013 жылдың бірінші жартысында Аманкелді



«Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыры!»

Ә. Жанкелдинмен бірге Торғай облысының ауылдарын аралады.

1914 жылдың февралінде түрмеге қамалған шаруалардың ісі бойынша Петербургке барды.

1916 жылдың бірінші жартысында Аманкелді саяси көзқарасы үшін Байқоңырдың жер қазу жұмысына жер аударылған, 1905 – 1907 жылдардағы революцияға қатысқан И. Деевпен танысып кездесіп жүреді.

Июль айының ортасында Аманкелді Иманов Торғай уезінде көтерілісшілердің алғашқы отрядын ұйымдастырды.

Июль айының соңында А. Иманов Досан қапасында Торғай болысы көтерілісшілер отрядтары басшыларының жиынын өткізді.

Август айының басында Торғай уезінің Сұрша тоғайына жиналған көтерілісшілер Аманкелді Имановты өздерінің бас қолбасшысы (сардар) етіп сайлады.

Август айының соңында, сентябрь айының бірінші жартысында Имановтың партизандық отряды жазалаушылармен бірқатар сәтті ұрыстар жүргізді.

17 сентябрьге қарай Аманкелді Иманов бастаған жергілікті көтерілісшілермен қатар Ақмола облысының Петропавл және Атбасар уездерінің, Сырдария болысының Перовск уезінің және Торғай болысының Қостанай уезінің партизандық отряды Торғай уезіне шоғырландырылды. Олар Бірғыз, Торғай жолы бойындағы почта станциясын басып алды және телеграф сымдарын үзді.

23 октябрьде көтерілісшілер Аманкелді Имановтың басшылығымен Торғайды қоршай бастады.

Ноябрь айының бірінші жартысында Торғай болысындағы көтеріліс жалпы халықтық сипат алды. Аманкелді Иманов жауынгерлерінің жалпы саны 50 мың адамнан асты.

4 ноябрьде Торғайды қоршауға алған көтерілісшілер отряды басшыларының кеңесінде қалаға шабуыл жасау жөніндегі Аманкелді Имановтың ұсынысы қабылданды.

6 ноябрьде Аманкелді Имановтың басшылығымен көтерілісшілер шабуылға шықты, олар қаланың бір бөлігін басып алды, бірақ артиллерия мен пулеметтен атқылаудан кейін кері шегінді.

Ноябрь айының соңында көтерілісшілердің көпшілік бөлігі Торғайдан 120 -150 шақырым жердегі Батпаққара селосына бекінді. Осы жерде көтерілісшілер қарулы күштерінің штабы құрылды.

3 ноябрьде Торғай өзенінің бойында Аманкелді Иманов бастаған отряд пен жазалаушылар арасында ұрыс болды. Көтерілісшілер аса ерлікпен соғысты. Жау шегінді.

1917 жылы 12 январьға қараған түн Торғай – Шолақсай жолы түгелдей көтерілісшілердің қол астына көшті.

18-20 февральда Торғай уезінің Құмкешу ауылына жақын жерде көтерілісшілер мен жазалаушылар отряды арасында айқас болды.

Көтерілісші жолдастарына өз сарбаздарымен Аманкелді Иманов көмекке келді.

21-24 февральда Аманкелді Имановтың көтерілісшілер отряды ерлікпен қарсылық көрсеткеннен кейін күш жинап, күресті онан әрі жалғастыру үшін Батпаққараны тастап шығып, құм арасына кетті.

Февраль айының соңында Аманкелді Имановтың сарбаздары Батпаққараға қайта оралды. Көтерілісшілер отряды Торғай уезінің Қарақоға, Сарықопа, Бірінші Наурызым болыстарына келе бастады.

1917 жылдың март айында Торғай даласында соғыс жағдайы әлі сақталып қалған еді. Жазалаушылар отряды көтеріліске қатысушылардың ізіне түсумен болды.

1917 жылдың июль айында Уақытша үкімет органдарының рұқсатымен алашордашылар ұйымдастырған байлар соты болды. Сот Аманкелді Имановты Сібірге он жылға жер аударуға үкім шығарды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы туралы хабардың жетуіне байланысты үкім орындалмай қалды.

1917 жылдың жазы мен күзінде А. Иманов және большевиктік көзқарастағы Н. Токарев, К. Қайдосов, Х. Токин Торғай кедейлерінің арасында үгіт жүргізді, олар өз үгіттерінде буржуазиялық Уақытша үкіметтің отаршылдық саясатын әшкереледі.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Торғай уезінде Совет үкіметі орнады. Совет өкіметінің әскери тірегі А. Имановтың отряды болды.

1918 жылдың 21 марты мен 3 апрелі аралығында А. Иманов Торғай уезі еңбекшілерінің атынан Орынборда өткен жұмысшы, солдат, шаруа және қазақ депутаттары Советтерінің Торғай облыстық бірінші съезіне қатысты.

26 мартта А. Иманов съездің шаруашылық істері жөніндегі комиссиясына мүшелікке сайланды.

4 апрельде А. Иманов Советтердің Торғай облыстық съезі делегаттары топтарымен бірге дутовшылардың Орынборға жасаған шабуылына тойтарыс беруге қатысты.

1918 жылдың апрель – май айларында А. Иманов съезд шешімін түсіндірді. Торғай даласында ауылдық және болыстық Советтерді құруға және нығайтуға, жер туралы лениндік Декретті жүзеге асыруға қатысты.

Май айында Торғайда контрреволюциялық төңкеріс болды.

Июнь айынан декабрь айына дейінгі аралықта А. Иманов ақ гвардияшылардың тылында Дутовтың контрреволюцияшыл бандылары мен алашордашыларға қарсы партизандық қозғалысты ұйымдастырды.

Декабрь айының ортасында Ө. Жанкелдин, А. Иманов және И. Киселев бастаған отряд Торғай қаласын ақ гвардияшылар мен алашордашылардан азат етті. А. Иманов Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды.

Декабрьдің екінші жартысында Торғайда большевиктік партия ұйымы құрылды. Аманкелді Иманов РКП (б) мүшелігіне өтті.

## Интернет-ресурсы

1. <https://ru.wikipedia>
2. [e-history.kz/ru](http://e-history.kz/ru)
3. [bibliotekar.kz](http://bibliotekar.kz)
4. <https://surak-baribar.kz>
5. [www.gmirk.kz](http://www.gmirk.kz)
6. <https://dic.academic.ru>
7. [kraeved-kst.kz/ru/pamyatniki](http://kraeved-kst.kz/ru/pamyatniki)

## МАЗМҰНЫ

1.	Құрастырушыдан	3
2.	Халық батыры (әмірбаяндық деректер)	4-6
3.	А. Иманов туралы әдебиеттер	7-8
4.	Мақалалар	9-14
5.	А. Имановқа арналған ескерткіштер	15
6.	Ол туралы әдебиеттер	16
7.	Батыр туралы жариялымдар мен фотосуреттер	17-31
8.	А. Имановтың өмірі мен қызметінің қысқаша хроникасы	32-34
9.	Интернет-ресурстар	35
10.	Мазмұны	36



Құрастырушы: А. Құрымғалиұлы  
Жауапты редактор: Д. Құсайын  
Мұқабаны безендірген: А. Құрымғалиұлы  
Редакторы: Д. Құсайын

Басуға қол қойған күні 10.05.2023 ж.  
Пішімі 210\*297 1/2. Офсеттік қағаз.  
Қарпін түрі Times New Roman.  
Көлемі 16 шартты баспа табақ.  
Тараптары 4 дана.

*Ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді мына  
мекенжайға хабарлауыңызға болады:*

*110300*

*Арқалық қаласы, Родина ауылы*

*Гагарин көшесі, 21*

*Тел. 2-10-18*

*E-mail: [cbs10@mail.kz](mailto:cbs10@mail.kz)*

